



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

БӘРЕКЕЛДІ!



«СЫР БОЙЫ» – ҮЗДІК ӨңІРЛІК БАҚ

Кеше Елордада өткен баспа, радио, интернет журналистика саласындағы «Urker – 2023» ұлттық сыйлығының «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясы Қызылорда облыстық «Сыр бойы» басылымына табысталды. Сөйтіп алда келе жатқан 2024 жылы жарық көргеніне 95 жыл толатын аймақтың ата басылымының мерейі үстем болды.

Айта кетейік, үздіктер он екі номинация бойынша анықталды. Биыл медиа саласын дамытуға үлес қосып жүрген медиа мамандары үшін жаңа номинация қосылды. Олар – «Үздік халықаралық БАҚ», «Үздік подкаст», «Үздік YouTube каналы». Байқауға баспа, радио, интернет журналистика саласында қызмет етіп жүрген журналистерден барлығы 450 өтінім, солардың ішінде ең көбі «Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал», «Жылдың үздік сұхбаты», «Үздік өңірлік БАҚ» «Жылдың үздік аналитикалық материалы» және «Жылдың үздік репортажы» номинациялары бойынша келіп түскен екен. Үздік жұмыстарды құрамында беделді журналистер, медиа менеджерлер бар қазылар алқасы анықтаған.

Сонымен кәсіби мамандар үшін шабыт пен мүмкіндіктің қайнар көзінде болған ұлттық сыйлықтың биылғы иегерлерінің қатарында «Жылдың үздік сұхбаты» Ләйла Тастанова («Time.kz»), «Жылдың үздік репортажы» Рабига Дүйсенқұлова («Tengrinews.kz»), «Әлеуметтік тақырыптағы үздік материал» Амангүл Тілейқызы («El.kz»), «Жылдың үздік журналистік зерттеуі» (С.Бердіқұлов атындағы арнайы номинация) Анна Величко («Golos-naroda.kz»), «Жылдың үздік аналитикалық материалы» Меруерт Сәрсенова («Kapital.kz»), «Үздік халықаралық БАҚ» «Қазақ елі» журналы (Түркия), «Жылдың үздік жаңалықтар порталы» Nege.kz, «Радиостанциядағы үздік жоба» Orda FM, «Zhas STAR» бағдарламасы, «Үздік подкаст» «OY DETOX» Әйнел Әмірхан, «Үздік YouTube каналы» Абай Сейфоллаұлы («AbauLive»), «Қазақ газетінің 110 жылдығына» арнайы тағайындалған жұлде «Ана тілі» газетінің ұжымына берілді.

Осындай үздіктер қатарында «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша «Сыр бойы» басылымының кәсіби ортада жоғары бағалануы ақпараттық технологиялар қарқынды дамып, интернет журналистика алға шыққан кезде байсалды да байыпты ұстаныммен ақпаратты сұрыптап, сараптап ұсынып отырған редакция ұжымының еңбегінің жемісі деп санаймыз.

Әріптестер мен қадірлі оқырман қауымын құттықтаймыз. Үркер жұлдызымыз жарқырай берсін!

Астанадан ақжолтай жаңалық жетісімен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік желідегі парақшасында «Сыр бойы» газетін «URKER-2023» ұлттық сыйлығын иеленуімен құттықтады. «Сыр бойының» сыйлығы – журналистердің ортақ жеңісі» деп, басылымның «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясын алу Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына тамаша тарту болғанын атап өтті. «Заңғар жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Газеттің ісі – бір күндік, сөзі – мың күндік» дегеніндей, сөзі сұңғыла, жанрлық ерекшелігі әркілі, безендірудің көркемдік деңгейі жоғары басылымның оқырманға берері көп. Келесі жылы «Сыр бойы» газеті өзінің 95 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл сыйлық – мерейтой алдындағы мүмкіндіктің мезіреті. Ал, бүгінгі жеңіс – «Сыр бойы» газеті ұжымының қажырлы еңбегінің жемісі және Сыр өңіріндегі барлық баспасөз өкілдерінің ортақ қуанышы. Құтты болсын, қаламгер-журналистер!» делінген жазбада.

«СБ» ақпарат

ҚҰРМЕТ

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Сырда туып, Сырда өскен әрі туған елден табан аудармастан еңбек еткен ардагер ағалар қандай құрметке де лайық. Олардың жүріп өткен жолы, қалтқысыз қызметі кейінгіге үлгі. Сондай азаматтардың арқасында ел ынтымағы артып, бірлігі бекемделіп, тірлігі түзелді. Алдыңғы буындар құрметтеу – кейінгілердің парызы. «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» дейтін аталы сөзден ауытқымаған халықтың ұтары да көп. Қуанарлығы, бүгінде облыс төңірегінде қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймақтың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, халық қошеметіне бөленген жандарды ардақтап, лайықты құрмет көрсету дәстүрге айналып отыр.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

2-бет

ЕРТЕҢ – ЕҢБЕК КҮНІ

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ – ЕҢБЕК

Қыркүйек айының соңғы жексенбісі Еңбек күні ретінде аталып келе жатқанына 10 жыл болды. Осы уақыт ішінде түрлі сала мамандары мемлекеттік деңгейде марапатталып, төккен тердің арқасында төрден көрінуде. Еңбектің маңызын ерте жастан түсіндіруде, жұмысшы мамандарына деген ыстық ықылас пен еңбекжор жандарды үлгі етіп, беделін арттыруда, жастарды өндіріске тартуда бұл күннің мәні мен мазмұны бөлек. Атаулы мереке қарсаңында облыста «Адал азамат – Адал еңбек» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, жиналғандарды Еңбек күнімен құттықтады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Бұл мереке – адал еңбегімен елдің дамуы мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан баршаңызға деген құрметтің көрінісі. Сондықтан барлығыңызды Еңбек күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайда да, халыққа арналған Жолдауларында да кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керекін айтты. Елімізде еңбекжор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Расында, мемлекетіміздің дамытатын осындай азаматтар. Ұлы Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп өсиет қалдырды, яғни табысқа жетудің кілті – еңбек. Жыл басынан бері аймағымызда 25 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды. Жұмыспен қамтудың өңірлік қартасы қабылданды. Іске асырылатын 280 жоба аясында 3 мыңнан аса жұмыс орнын ашу көзделсе, қазір жылдық жоспар орындалуда. Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес биыл аймағымызда 8210 жұмыс орны жасақталды. Жылдық жоспардың 80 пайызға жуығы орындалды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Табанды еңбек – бәсекеге қабілетті арттыратын басты формуланың бірі. Еңбекқорлықтың арқасында биік белестерге қол жеткізіп, елдің құрметіне бөленіп жүрген азаматтар аз емес. Басқосуда «Таң ЛТД» ЖШС бас агрономы, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері, «Еңбек жолы» конкурсының өңірлік жеңімпазы Ербол Ақбергенов сөз алды. – Мен Жалағаш ауданындағы «Таң ЛТД» серіктестігінде 30 жылдан астам еңбек етіп келемін. 2008 жылдан бері бас агрономмын. Табысқа өз кәсібіңнің шебері болу, ерінбей еңбек ету арқылы жетуге болады, – деді ол.

Сонымен бірге шарада облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының орынбасары Марат Бәйімбетов және облыстық кәсіподақтардың жастар қанатының өкілі Раушанбек Шарпап ұсыныс-пікірлерін бөлісті.

Жыл сайын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атаулы күн қарсаңында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін айқындау үшін «Еңбек жолы» республикалық конкурсын өткізеді. Биыл бұл байқауға облыстан 26 азамат қатысқан. Байқау нәтижесінде «Үздік еңбек әулеті» номинациясын Атышабаевтар әулеті жеңіп алған еді. Бұл әулетте 10 адам мұнай-газ саласында еңбек етеді, барлығының жиынтық еңбек өтілі 304 жылды құрайды. Есімдері еліміздің «Алтын картасына» және Атырау облысындағы мұнайшылар әулетінің Құрмет тақтасына енгізілген. Әулеттің әрбір мүшесі еңбек жолында көптеген марапатқа ие болған. Марапат төрінен көрінген осы әулеттің отанасы Бақтыгүл Мектепбайқызы мұнай саласында 42 жыл тер төккен.

Бүгінгі шарада баламмен бірге өзімнің де құрметке бөленіп жатқанымға қуаныштымын. Менің жолдасым, балаларым да осы салада еңбек етеді. Ұлым Аскар Махатұлы «Торғай Петролеум» АҚ мұнай және газ өндіру цехының I санатты геологы болып жұмыс істейді. Талай жыл төккен теріміз еленіп, республикалық байқаудан «Үздік еңбек әулеті» номинациясын иелендік. Балаларымызға әрдайым еңбектің наны татті болатынын жастайынан санасына сіңіріп өсірдік, – дейді ол.

Шарада «Еңбек жолы» конкурсының өңірлік жеңімпаздарына, сондай-ақ ел алғысына бөленіп жүрген бір топ азаматқа сый-сияпат көрсетіліп, облыс әкімі атынан алғыс хат табысталды. Мерекелік басқосу әні мен жыраға ұласты.



КЕШЕГІ СОҚПАҚ – БҮГІНГІ БЕЛЕС

Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толуы осы кезеңдегі тарихи оқиғаларды тағы бір зерделеуге мүмкіндік берді. Жылдар жылнамасына, естеліктер сырына, тұлғалар өмірбаянына үңілуге жетеледі. Газет тілшісі аймақта жауапты қызметтер атқарған, аудан мен шаруашылықтарды басқарған Бекмырза Еламановпен сұхбаттасып, облыстың тарихы туралы өңіме қозғады.

3-бет

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – 125

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАЛАУГЕРІ – ЖҮРГЕНОВ



Суретті ілгерісөз Н.ИТТРАҚСЫБІ

Биыл, күллі Алаш жұртына ортақ тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толып отыр. Сыр өңірінде туып, ұлт қамы үшін қызмет еткен қайраткердің бұл мерейтойы жер-жерде сән-салтанатымен аталып өтуде. Кеше туған жері Жалағаш ауданындағы тұлғаның өз атымен аталатын ауылда дүбірлі той өтті. Ақындар жыр толғап, балуандар белдесті. Жырмадан астам киіз үй тігіліп, өңірден шашу шашылды. Жерлестері Сыр топырағында туған ұлын ұлықтап, өз заманының озық перзентіне арнап саябақ ашты. Арнайы ескерткіш-бюст те орнатты.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Жаңа саябақтың ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, аудан жұртшылығын Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығымен құттықтады. Сондай-ақ тарихи тұлғаны ұрпаққа үлгі ету жолындағы айтулы шараның өтуіне атсалысқан азаматтарды облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Мерейтойлық шара түйе палуандардың белдесуімен жалғасты. Қазақ күресінен өткен тартысқа Сыр өңірінен бөлек, Түркістан, Жамбыл облыстарынан және Шымкент, Тараз қалаларынан 20 спортшы қатысты. Сом білекті, бура санды жігіттердің арасында өткен күресте облыс намысын қорғаған қармақшылық Еламан Ерғалиев бірінші орын алса, түркістандық Марат Байқамуров пен Жамбыл облысынан келген Ерұсұлтан Мұзаппаров екінші және үшінші жұлдені өзара бөлісті.

Т.Жүргенов ауылының мәдениет үйінде «Тәуелсіздік жалаугері – Жүргенов» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасы той көркін қыздыра түсті. Ел мақтанышын еске алуға

арналған мерейтойда іріктеуден өткен 14 ақын өз өлеңдерін оқыды.

Қайраткердің өмір жолын өлеңмен өрнектеген мүшәйрада қызылордалық Мақсат Дауылбай, Ұлытау облысынан келген Дәуренбек Булданбаев, Алматы облысынан келген Нұрлыбек Саматұлы жұлделі III орынды иеленді. Жыр бәйгесінде Жалағаш ауданының жас ақыны Жасұлан Серік жұлделі II орынға лайық деп танылса, Павлодар облысынан келген Наркұлан Райханұлы I орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар, Елена Әбдіхалықова Темірбек Жүргенов атындағы арнайы жұлдеге ие болды.

Ал өңірге ғана емес, республикаға танымал әріптесіміз, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшұлы бұл жыр додасында бас бәйгені алды.

Алаштың ардақтысы Темірбек Жүргеновтің Жалағаш топырағында өткен мерейтойы жайлы мақаланы газетіміздің алдағы нөмірінен оқысыздар.

Жалағаш ауданы



МОЛШЫЛЫҚ МАУСЫМЫ

БАҚША ЕККЕНДЕР БӘРІНЕН ОЗДЫ

Биыл қазалықтардың бақшасы бабымен пісті. Су да уақытылы жетті, ит пен құс, қарға-құзғыннан қоры сәтті өтті. Желіге байланған қозыдай әр жерде дөңгеленген сарыала қауын мен көкапа қарбызды тамыз айынан бастап пәлектен үзген еді. Ала жаздайғы бейнет ақталып, өнім Қазалы базарынан бөлек, арғысы Арал, бергісі «Төретам» кенті, «Ақай» ауылының тұрғындарына сатылуда.

Қазалыда 2400 гектарға жуық бақша, картоп және көкөніс егілген. Бұл – осы жылдың мәліметі. Оның ішінде Сырдария өзенінің арғы бетіндегі «Ақжона» ауылдық округінде 83, «Майдақөл» ауылдық округінде

132 гектар жер осы дақылдарға арналған. Қазір қауын-қарбыз, асқабақ пен картоп, сондай-ақ басқа да дақылдар жиналуда. Жалпы бақшаның шығымы былтырғыдан жоғары болғанға ұқсайды.

3-бет



МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Осындай игі шараның бірі облыс әкімдігінде өтті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ел ағалары Шахизат Төребаев пен Қожахмет Баймахановты мерейтойымен құттықтады.

– Бүгін біз қос мерейтой иесінің қуанышына орай жиналды. Қоғам қайраткері, Қармақшы, Жалағаш аудандары және Қызылорда қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Төребаев Шахизат Хамитұлы мерейлі 75 жасқа, мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері

Баймаханов Қожахмет Мәдібайұлы 70 жасқа толды. Екі ағамыз да киелі Сыр бойындағы шежіре тұнған, жан сарайы жырға толы асылдар туған Жалағаш ауданында дүниеге келіп, туған жерінің құрметіне бөленіп келеді. Біз де елдік мүддені жоғары қоятын, парасаты биік, адами болмысы асқақ, абыройлы ағаларымызға қарап бой түзейміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Шахизат Төребаев облыста жауапты қызметтер атқарған. Ол Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, соның ішінде аймақтағы қоршаған ортаны қорғау саласына, эко-



логияны жақсартуға зор үлес қосты. Нарыққа өту кезеңінде шағын кәсіпкерліктің дамуына, кооперативтердің құрылуына, яғни ел экономикасының жаңа жүйеге бетбұрыс жасау уақытындағы бастамаларға атсалысты. Облыс орталығын абаттандыруға, сәулетті ғимараттардың бой түзеуіне еңбек сіңірді. Парламент Мәжілісінің депутаты кезінде «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңның шығуына белсене қатысты. Ғылыми ізденістерінің көкжиегін кеңейтіп, 1997 жылы «Арал өңірінің экологиялық проблемалары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, 8 ғылыми мақаланың авторы атанды.

Құрылыс саласында өзіндік қолтаңбасы бар мемлекет және қоғам қайраткері Қожахмет Баймаханов егемендіктің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңде ел тізгінін қолға алып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында

аянбай еңбек етті. Жалағаш ауданы және облыстың бас шаһары – Қызылорда қаласының әкімі, ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды. Қожахмет Мәдібайұлы қаланы басқарған жылдары облыс орталығында «Тағзым алаңы», «Қорқыт ата» кітабының 1300 жылдығына арналған мемориал, «Қорқыт ата» әуежайы, «Еуразия» мәдени-спорт кешені, аквапарк секілді жаңа нысандар бой көтеріп, «Сарқырама» каналы қайта қалпына келтірілді. Қазір ол басқаратын «Асар Холдинг ЛТД» компаниясы тұрғын үй кешендері мен халыққа қызмет көрсету орталықтарын салып, аймақ экономикасына үлес қосуда.

Жиында аймақ басшысы мерейтой иелеріне «Құрмет» грамотасын табыстады.

Сонымен бірге Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бақберген Досманбетов, Бақыт Нұртазаев, Батырбек Маншарипов мерейтой иелерін құттықтады.

– Барша Жалағаш жұртының атынан қос азаматты шын жүректен құттықтаймын. Ал бүгінгі кездесу кейінгі буынға үлгі боларлықтай маңызы мол шара деп есептеймін. Кеңестік дәуірде де, егемендік алғаннан кейін де, жалпы екі кезеңде азаматтарымыз абыройсыз болған жоқ. Өңірдің дамуы мен гүлденуіне үлес қосып, нарық заманында жоқтан бар құрастырғанын да білеміз. Мерейтой құтты болсын! – деді Садық Әлиев.



ӨТІНІШТЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА Қала әкімінің орынбасары Дінмұхаммед Исламов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға келушілер тұрғын үй мен коммуналдық мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, көпбалалы аналар арнайы санат бойынша азық-түлік пен балалар киімімен қамтылуға қатысты талап-тілектерін жеткізді. Дінмұхаммед Аманұлы көтерілген мәселелерге қатысты зерделеу жұмыстары жүргізіліп, заң аясында шешілуіне қатысты тапсырмалар берілетінін жеткізді. Сондай-ақ, көпбалалы аналардың да өтініштері өз шешімін табатынын айтты.

ЖАҢА БОУЛИНГ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

АРАЛ Арал қаласында денешынықтыру-сауықтыру ғимаратының жанындағы бос тұрған учаскеге жеке инвестор тарту арқылы құны 250 млн теңге тұратын боулинг орталығының құрылысы салынбақ.

Бұл кешенде тұрғындар бос уақытын тиімді өткізеді. Алдағы уақытта қала аумағындағы өзге де бос орындарға жеке инвестор тарту арқылы жұмыс орындарын көбейту мақсатында жаңа нысандар салу жоспарлануда.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

ҚАЗАЛЫ Р.Бағанова атындағы мәдениет орталығында қажырлы еңбекті қадірлеген жандардың құрметіне арналған салтанатты шара өтті. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандарға ыстық ауқасын жеткізді.

Қорғаныс саласында қызмет еткен Қыған соғысының ардагері Күмісбай Серікбайұлына «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағын, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемесінде 37 жыл еңбек етіп, зейнет жасына жеткен Муаззам Рахметоваға «Қазалы ауданының құрмет грамотасын» табыстады.

Кеште әр салада еңбек ететін мамандарға облыс әкімінің, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Алғес хаты және аудан әкімінің арнайы дипломы берілді.

ЕКІ АУЫЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

ҚАРМАҚШЫ Апта басынан бері ауылдық округтердің тұрғындарымен есепті кездесу өткізген аудан әкімі Жандос Еркінбекұлы «III Интернационал», Дүр Оңғар ауылдарында болды.

Кездесулерде аудан басшысы есепті кезеңде ауданда атқарылған жұмыстарды баяндап, ауылдарға бөлініп жатқан қаражаттардың қандай мақсатта жұмсалып жатқанын айтты. «III Интернационал» ауылында құрылысы басталған спорт кешені, Астана көшесінде орташа жөндеу жұмыстары, электр желілерін жаңғырту және қосалқы станцияны кеңейту мен ауыл көшелеріне жол белгілерін орнату бойынша жұмыстарға тоқталды.

Дүр Оңғар ауылдық округі бойынша биылға 9 жоба мақұлданып, дәрігерлік амбулаторияның құрылысына, «Ауыл – ел бесігі» жобасы асында спорт кешенін салуға қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ БАҚЫЛАУДА

ЖАЛАҒАШ Аудан әкімі Асқарбек Есжанов Жалағаш кентінің санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстары бойынша берілген тапсырмалардың орындалуымен танысты.

Ол кәсіптік нысандардың сыртқы жарнама тақтайшаларын жанарту қажеттігін, қасбетін әрлеп, абаттандыру жұмыстарын қайта жасауды тапсырды. Сонымен қатар, Жалағаш кентіндегі жауы жүргіншілер жолында тұрғындар қозғалысына кедергі келтіріп, ескерту белгісіне қарамастан тәртіп бұзған көліктерді автотұраққа қою қажеттігін айтты. Кент көшелеріне орналасқан балалар ойын алаңдары мен спорттық жабдықтардың сапасымен танысып, жөндеу қажет ететіндерін қайта қалпына келтіруді тапсырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТУДЕ

СЫРДАРІЯ Мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған волейболдан XXIV халықаралық турнирдің салтанатты ашылуы өтті.

Дәстүрлі спорттық іс-шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Аікешов, ұрпақтары мен ағайын туыстары, аудан ардагерлері, спортшылар қатысты.

Бұл додаға Өзбекстан мемлекетінен және еліміздің әр өңірінен 30-ға жуық команда, яғни 350-ден астам спортшы келген. Халықаралық турнир 24 қыркүйекке дейін жалғасады.

АРДАГЕРЛЕР БАЛЫҚ АУЛАП ЖАРЫСТЫ

ШИЕЛІ Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Үздік балықшы» сайысына биыл 10-нан астам ардагер қатысуға ниет білдіріп, бақ сынады. Қатысушыларды қолдау үшін аудан әкімі Нұржан Ахатов сайыс өтетін орынға арнайы барды.

Нәтижесінде қармағына бірнеше балық ілінген ардагерлер жүлделі орындарға ие болып, алғыс хаттар мен балықшыға қажетті жабдықтармен марапатталды. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

МӘДЕНИ НЫСАН – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

ЖАҢАҚОРҒАН Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов «Жайылма» ауылы тұрғындарымен кездесті. Онда аудан басшысы ауызсу мен газ құбырын тарту мәселесі бойынша жүзеге асырылып жатқан істерден хабардар етті.

Сонымен қатар құрылысы біткен жаңа клубтың алдағы айда Жаңақорған ауданының 95 жылдығы қарсаңында пайдалануға берілетінін де атап өтті.

Жыныға қатысқан ауыл тұрғындары ауылшылық көшелердегі жарық, жол және өзге де әлеуметтік маңызы бар мәселелер жөнінде ұсыныс-тілектерін білдірді. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескеріліп, жұмыстар заң аясында кезең-кезеңімен жүйелі түрде іске асырылады.

«СБ» ақпарат

КОНФЕРЕНЦИЯ

ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында «Ұлылар ұлағаты: Төлегетай баба және Қылышты ата» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Сb Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Ең әуелі облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов облыс әкімі Н.Нәлібаевтың конференция қатысушыларына құттықтауын оқып берді.

– Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері халқымыздың қатпарлы тарихын, рухани құндылықтары мен мұраларын шынайы тұрғыдан зерттеуге, ақтандақ беттерін ашу бағытында орасан зор жұмыстар атқарылуда.

«Тарихты тұлғалар жасайды» деген қағида бар. Әр халықтың өз дәуірлеу кезеңі болса, сол уақыттың бастауында тұлғалар тұратыны жасырын емес. Олардың ісі, қайраткерлік болмысы ел жадында ұзақ сақталатыны сөзсіз. Алаштың анасы атанған қасиетті Сыр өңірі – ерте заманнан ұлт мүддесі жолында қол бастаған батыр, елдің қамын жеп, бірлігін ойлаған қайраткер тұлғаларды, ілім мен білімді дамытқан рухани ұстаздарды дүниеге әкеліп, жақсы-жайсандардың өмірлік байыз тапқан мекеніне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз», – деді.

Ұлы Дала төрінде халқының кемелденуі мен рухани өсіп-өнуі үшін ілім-білімді таратып, қолына қару алып жерін қорғаған Қылышты ата мен Төлегетай бабаның құрметіне арналған ғылыми-танымдық конференция жұмысына сәттілік тілеймін, – делінген облыс әкімінің құттықтау хатында.

Конференция барысында ғалымдар ата-бабаларымыздың мәдени және рухани мұрасының тағымын кеңінен ашып, жанашыл ой, тұшымды тұжырымдар жасап, тарихымызды тану ісіне сүбелі үлес қосты.

Шарада «Төлегетай баба» қоғамдық қорының президенті Дайрабай Ысқақов, Мұхаммед Көпеев, Зәкен Тұрсынхан, Кенжебек Әлқожаев, Мұса Сапаев, Айбек Көрімов, Талғат Жолдасұлы сынды ел ағалары мен ғалым-жазушылар баяндама жасап, тың мәліметтерді бөлісті.

Сонында қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, сұрақтарына жауап берілді. Келелі кеште студенттер ғалымдармен зіпап алмасты.

ЖОБА

«АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТШІЛЕР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАР ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ ТІЗБЕЛЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 28 НАУРЫЗДАҒЫ №403 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбелерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №403 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5505 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасындағы 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мамандар: әлеуметтік жұмыс

жөніндегі маман, «Мансап» орталығының құрылымдық бөлімшесінің (бөлімінің, секторының, тобының) маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті айқындау және бағалау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық мейіргер, диеталық мейіргер, әдіскер, дефектолог, ло-

гопед, психолог, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, релаксация (иппотерапия) жөніндегі нұсқаушы-әдіскер, кітапханашы, музыкалық жетекші, мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы), «Мансап» орталығының ассистенті».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н. НӘЛІБАЕВ



Еламанов Бекмырза Қайыпұлы 1950 жылы өмірге келген.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының, Мәскеу халықаралық бизнес және информациялық технологиялар университетін бітірген.

Қармақшы ауданы шаруашылықтарында мамандығы бойынша еңбек етті.

«Қуандария» кеңшарының директоры, «III Интернационал» ұжымшары басқармасының төрағасы болып қызмет атқарды.

Аудандық Кеңес төрағасының орынбасары, төрағасы, Қармақшы ауданының әкімі қызметінде болды.

«Шапағат» ЖШС директоры, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Жаңақорған ауданының әкімі, облыстық мәслихат хатшысы қызметтерін атқарды.

2014-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Сенаторлар Кеңесінің мүшесі.

«Парасат», «Құрмет» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қызылорда қаласы, Қармақшы, Жаңақорған аудандарының Құрметті азаматы.



жұмыс істеу керек деген тікелей ұстанымда болдық. Олай болмаса, бір отбасының аш қалу қаупі бар еді. Солай жасадық, тығырықтан шықтық.

Қармақшы ауданында Қылышбек Әбішев басқарған «Жаңажол» мен Васиб Гейдаров басқарған «III Интернационал» бөлінбей, екі шаруашылық өз тұтастығын сақтап қалды. Бірлікпен көктейтін тірліктің ерен үлгісін паш

әкімі бұған бірден қолдау танытып, жүз миллион ақша бөлдірді.

Сөйтіп, 2007 жылы күз айында Құрманбек Бәкіров, Қылышбек Әбішев, Ұзақ Оралбаев, Алдаберген Құлбаев, Наятулла Қарақожаев, Төрехан Қарлыханов, Абзал Ералиев секілді облыстағы агроном, ғалым мамандарды алып, Краснодарға бардым.

Бұл жерде Одақ кезінен күріш ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Кеңестік дәуірде арнайы тұқым шаруашылықтары болды. Тұқымды арнайы зерттеп, минералдармен байытып, жаңа сұрыптарын шығарып отырмаса,

КЕШЕГІ СОҚПАҚ – БҮГІНГІ БЕЛЕС

етті.

– Иә, айтса сенбейтін заман болды. Кейде мен қазіргі жастарға сол кездері ел басқарған кісілер кезек-кезек лекция оқыса ғой деп ойлаймын. Олар отыз жылдың қалай қалыптасқанын біле бермейді. Жас буын өткен күндер қиындықтарын білу арқылы тәуелсіздіктің қадірін сезіне түсері анық.

– Расында, солай. Біз лекцияны сол кезде-ақ күн сайын оқитын едік. Жұртқа айтатын әңгіміміз – еліміз енді еңсе көтеріп келе жатыр, бұл күндер де өтеді, бәрі жақсы болады дейміз. Ақиқатында, сол қиын кездерден біздің халықтың шыдамдылығы мен еңбекке еңкейген ер болмысы алып шықты. Кешегі соқпақтан басталған бүгінгі белеске оңай жолмен жеткеніміз жоқ.

2023 жылға арналған аудан бюджеті 24 млрд теңге болса, ол кездегі жылдық бюджет небәрі 29-30 млн теңге көлемінде еді. Осының өзі көзіқарақты адамға біраз сырды аңғартады. Жаңа мен сол кездің адамдарының болмысы туралы айттым ғой. Соған қатысты оқиғалар көп. Көктемгі егіс кезінде аудандық мұнай базасында сақтауда тұрған мемлекеттік резервтің қорынан қарызға жанармай бөлірітеміз. Жетпегенін Байқоңырдың әскерилерінен аламыз. Бұл жерде кейбір мәселелер заңдылықтарға қайшы келеді. «Адам заң үшін тұмайды, заң адам үшін жазылады» деген тәмсіл бар. Сондай қаламдарға барғанда адамдар арыз жазбай, бәле қумай, дұрыс түсіністікпен қарайтын.

Осындай еңбекпен жүріп, жыл қорытындысында ауданымызды алдыңғы орынға шығардық. 1998 жылы Қармақшы ауданы барлық көрсеткіштерімен облыс бойынша озық деп танылды. Қиын жағдайға қарамастан ауылдардағы мәдениет үйлерінің, клубтардың, кітапханалардың жұмыстарын тоқтатпадық. Өздері жалақысыз жүрсе де елдің көңілін көтеріп, еңбекке құлшынысын арттыруда мәдениет қызметкерлері аянған жоқ.

Өзің айтқандай, бүгінгі жастарға сол кезеңде қызмет істеген тек басшылар емес, мәдениет қызметкерлері, қарапайым жұмысшылар, әр қайсысы бір-бір танымдық, тәрбиелік лекция оқи алады. – Бекмырза Қайыпұлы, облыс әкімінің орындасары болып тұрған кезіңізде тікелей қандай жұмыстарға басшылық еттіңіз? Солардың бірлі-жарымын айта отырсаңыз...

– 2004 жылы облыс әкімінің орынбасары болдым. Ол кезде облыс басшысы Икрам Адырбеков еді. Бұл жағдайымыздың енді түзеліп, жан-жағымызды қымтай бастаған кезіміз. Шаруашылықтарда мал жоқ, бәрі қиын күндері азық-түлік, жанар-жағармай, тұқым, тынайтықшы алу үшін бартермен кеткен. Сол кезде облыс басшысы сырттан мал сатып әкелуге қолдау көрсетті. Менің ұсынысым бойынша Солтүстік Қазақстан облысының «Зинченко» дейтін шаруашылығынан 300 бас сиыр алдырдық. Оны жүз-жүзден Қазалы, Сырдария, Жаңақорған аудандарына бердік.

Қазалыдағы атақты «Р3А» серіктестігінің бүгінгі жетістіктерінің негізін осы жүз сиырмен байланыстыруға болады. Іскер, тәжірибелі маман Самұрат Имандосов сол сиырлардың өзін де, өнімін де көбейтіп, көптің ризалығына бөленді. Келесі бір жұмыс – күріш тұқымына қатысты ісіміз. Сол кездері күріштің «Ақмаржан» сорты ауырып, өнімі ала-құла бола бастады.

Бұл – облыс басшылығына Мұхтар Құл-Мұхаммедтің келген кезі. Ол кісіге осы мәселені түсіндіріп айттық. Облыс

ол ауырады, тозады, тасқа, күрмекке айналады.

Осылайша, бүгінде Сыр күрішіне айналып кеткен «Лидер», «Янтарь» сорттарын вагондап әкеліп, шаруашылықтар түлеп, көтеріліп қалды.

– Сізге бір тосын сұрақ қояйын. Кей кісілер бұрынғы күріш суға салғанда лайланып, қрахмалы бетіне шығып тұратын, қазіргі күріш тостақтағы суда жылтырап жата береді дейді. Бұл сіз айттып отырған күріш сұрпының сапасыздығы емес пе?

– Неге сортқа бөледі, өйткені, әр сорттың қоректік қасиеттері әртүрлі болады. «Ақмаржан» – жұмсақ, оның палауы да ботқа секілді, өзбектің шашпалауындай шашырап тұрмайды. Жұмсақ болған соң суда да тез жібиді. «Лидер» – қатты, ол суды тез сіңірмейді. Алғашқы кезде бұл қатты сорттан қандай палау шығады дегендер де табылды. Әлгі қрахмалы бетіне шықпайды деген сөз күріш сортының өзіндік қасиетін білмегендіктен айтылған болар. Ал енді «Лидер» палауының қандай дәмді болатынын екеуіміз де жақсы білеміз.

– Әрине, шіркін, Сырдың ақ алтыны ғой, күріш!

Тағы бір сұрағым, Парламент қабырғасында қандай заңдардың қабылдануына, талқылануына атсалыстыңыз?

– Парламентте әуелі үш жыл экономика және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі комитетте болдым. Бұл – мәселесі өзекті, міндеті ауыр комитеттің бірі. Ел дамуының ең алдыңғы сатысында экономика саласы тұрады. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту, оған қолдау жасау жөніндегі көптеген заңдарды талқылауға қатысып, қордаланған мәселелердің оң шешім табуына бір көмегім тиді деп сенемін.

Кейінгі үш жыл ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі комитетте жұмыс істедім.

Өзім қиын кезеңде шаруашылыққа, аграрлық ауданға басшылық жасадым. Сондықтан мен ауыл шаруашылығының қажеттілігін жақсы сезінемін. Комитетте отырған үш жылда шаруашылық пен шаруа адамдарының мәселелерін шешетін заңдар қабылдауға атсалыстым.

– Бүгінгі облыс жағдайынан да жақсы хабардарсыз. Бұл жайында не айтасыз?

–Сыр өңірі соңғы жылдары көз қызығарлықтай өзгерістерге толы десем, артық айтпағаным.

Құрылыс қарқыны өсіп, жолдар жөнделіп, көпірлер салынып жатыр. Қай еңбек ұжымынан да толастамаған қызу еңбек ырғағын көруге болады.

Облысымызда соңғы үш жылда 150-ге жуық көпқабатты тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Биылдың өзінде екі мыңға тарта жерлесімсіз жаңа пәтерлі болады деп күтілуде.

Облыс, аудан орталықтарындағы көшелердің абаттандыру жұмыстарын айрықша атауға болады. «Жөні түзу ауылдың жолы түзу болады» дегендей, аймақ басшысының осы мәселеге ерекше мән беруі қуантады.

Алдағы уақытта Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы, «Анаға тағзым» орталығы, Неке сарайы, Әнер орталығы, тағы да басқа нысандар ел игілігіне табысталамақ.

Жалпы алғанда облыс өзінің 85 жылдық мерейлі күніне мақтанышымен, марқайған кейіппен жетті.

– Мереке құтты болсын, аға. Бұл игілікте сөз жоқ, қиын кезде ел басқарған өзіңіздің де үлкен үлесіңіз бар.

Өңгімелескен Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

ФОРУМ

ӘКЕ ТӘРБИЕСІ – ТАҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ

Биыл елімізде алғаш рет маусым айының үшінші жексенбісі – «Әкелер күні» болып мерекелік күнтізбеге енгізілді. Жалпы отбасының беріктігі ер-азаматқа тікелей байланысты. Халқымызда әкені ерекше құрметтеп, мәртебесін жоғары қою дәстүрі орныққан.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»



Осы атаулы күн қарсаңында өңірде «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы құрылған еді. Негізгі мақсаты – отбасы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ер балаларға болашақта әке міндетін ұғындыру және әкелердің бала тәрбиесіне араласуына оқу орындарымен байланыста болып ықпал жасау.

«Достық үйінде» өңірімізде алғаш рет әкелер форумы өтті. Форумның ашылу салтанатында сөз алған облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов тағылымы зор жиынның маңызын атап өтті.

– Қазақ ұғымында әкенің беделі аласармаған. «Отан отбасыдан басталады» деген даналық сөздің маңызы жоғары. Ұлттық тәрбие де үйден бастау алады. Ер бала әкесіне сырын ашық айта алуы керек. Бүгінгі жас – ертенгі елдің тірегі. Кемел келешегіміз үшін жас ұрпақты ұлттық тәрбиеге баулығанымыз жөн. Қазақ «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деп жайдан-жай айтпаса

керек. Бала бойындағы жақсы қасиеттердің барлығы әкеден беріледі, – деді мәслихат төрағасы.

Сонымен қатар жиында «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Күзембай сөз сөйлеп, мұндай кездесулер ауқыммен кеңейту керектігін жеткізді. Одан әрі отбасылық демалыс орнында әкелер мен балалар ұлттық ойындар ойнап, өзара сайысқа түсті. Жаңа форматтағы еркін кездесу ер балалардың ерекше қызығушылығын тудырды. Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов әрбір отбасында елін сүйетін, ұлтжанды азаматтың тәрбиеленіп шығуы әке тәрбиесімен тығыз байланысты екенін айтты.

Қорытындысында алдағы жоспар жайы талқыланып, белсенді азаматтардың ұсыныстары тыңдалды. Зергерлер қолөнер бұйымдарының жасалу жолдарын көрсетіп, ер балаларға кәсіптерінің қыр-сырын бөлісті.

БАҚША ЕККЕНДЕР БӘРІНЕН ОЗДЫ

Айтпақшы, осы Ақжонаның қауын-қарбызы сонау Сарыарқаға дейін барғанын айтқанымыз жөн. Әр жылдың қыркүйегінде болатын жәрмеңкеде аймақтың күріші мен балығынан бөлек, Қазалының бақшасында піскен осы өнімдерге сұраныс көп болды. Біз сонда жүріп, өзінің бақшасынан жақында ғана үзген қарбызын астаналықтарға сатып жатқан «Майдақол» ауылының дикан жігітімен тілдескенбіз. Кейіпкеріміз Медет Аяғанов 2000 шақырым жолды алыс тастап, Астанаға бірінші рет келіпті.

– Ауыл жігітері 4-5 жылдан бері егін егумен айналысамыз. Биыл бес гектар жер алып, бақша ектік. Қауын мен қарбыз, асқабақ тұқымын мол тастадық. Нәтижесі осы. «Баптай білсең, жер жомарт» демеі ме?! Жерінді күтіп, келетін судың қарығын қадағалап отырсаң, өнім бар. Қазір астаналықтарға 20 тонна бақша дақылдарын әкелдік. Сатып алушы көп болды, – деген еді ол.

Тағы бір айта кететін жайт, биыл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен азаматтардың табысын арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін сақтау үшін әрбір ауылда жер дайындалды. Ол жерге тұрғындар картоп, көкөніс, бақша егіп, қажетті өнімін алуы тиіс. Артылғанын сатса да жарасады.

Осыған байланысты Қазалыда 130 гектар жер дайындалған еді. Оның 65 гек-

тарына бақша, 50 гектарына көкөніс, ал қалған жерге картоп егілді, 260 адам осында еңбек еткен. Мысалы, аудан орталығы Әйтеке би кентінің онтүстігінде орналасқан «Құмаша» каналының бойында 12 адам бірігіп, 7 гектар жерге бақша, картоп, көкөніс өсіріпті. Бұдан бөлек, «Мектепбай» учаскесінен көлемі 17 гектар болатын жерде кәсіпкер В.Тайлақбаева дақылдарды күтіп-баптаған.

Ал Жанқожа батыр ауылының тұрғындары 12, Бекарыстан би ауылының азаматтары 19, майдақолдік жігіттер 23 гектар жерде бақша баптапты. Қосымша «Дүзбаев» шаруашылығы су насосы арқылы 11 гектар жерге картоп еккен.

Өзге ауылдар да қалыс қалмаған. Бастысы, Сырдария суын тиімді пайдаланып, жер кетпендеп, қарық қазғандар әзірге алда тұр. Өнімін пайдаға жаратып, пұл тауып жатқандар жеткілікті. Шыны керек, бүгінде қыстың қамын жаз ойлағандардың қатары көбеймесе азаймаған.

Расымен облыс басшысының бастамасымен қолға алынған бақша егістігін арттыру бастамасы өңірдегі азық-түлік бағасына да оң әсерін тигізетін сөзсіз. Көкөніс пен картоп-жуасанын өзінен шыққаны, ішкі нарықтың жергілікті өніммен қамтылуы бағаны тұрақтандыруға бірден-бір себеп болары анық.

Ержан БЕКМЫРЗАҰЛЫ, «Сыр бойы» Қазалы ауданы

1-бет





Естелік жүріп өткен жолының ой-шұқырын бір шолып өту үшін жазылады. Қазір соңымызға бұрылып қарасақ, жолымыз тақтайдай тегіс болмапты. Ой-шұқыры жетерлік, біршама кедергілерден өтіпті.

«Балалық өтті білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті көрдің бе?» деп үлкендер айтқан сөзді естіп-біліп, естелік ауылына ат басын бұрар болсақ, бәрі-бәрі кешегідей көрінеді. Бұратылған бұйра белдің арғы жағында қалған замандас ағаларымыздың асыл бейнесі көз алдымызға келе қалады. Осындайда Болат Қарғабаев еске түседі...

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

Бөкең 1937 жылдың қаңтар айының 3-інде Қызылорда қаласының Шанхай бетінде Негадалов көшесінің бас жағында Қарғабай баласы Ізбастының шаңырағында өмірге келді. Ағайындар шілдеханада бас қосып, Сырдария ауданы басшыларының бірі болып қызмет жасайтын Тәжібайдың Есжаны нәрестеге Сталин есімін қазакша баламасы «Болат» деп ат қойыпты.

Әкесі Сырдария ауданы «Жанаталап» колхозының алғашқы төрағасы қызметін атқарған. Кейін денсаулығы сыр бере бастады. Елге еңбек майданынан тез оралуына қарағанда сол жақта жұмысқа жарамай қалған болуы керек. Ұзақ уақыт төсек тартып жатып, 1946 жылдың 2 ақпанында өмірден озды. Осы жылдың күзінде Бөкеңді шойын жолда жұмыс жасайтын әкесінің туған інісі Елеудің үйіне жатқызып, Ж.Жабаев атындағы жетікшілік орысша-қазақша мектепке оқуға берді. 1948 жылы Елеу ағайын қорасына көшіп келіп, қыш зауытына жұмысшы болып орналасты. 1950 жылы Абай атындағы жетікшілік қазақ мектебін, одан соң П.Осипенко атындағы онжылдық аралас мектепті бітірді.

Басқа оқу орнына түсуге кеш қалып, Тәжікстанның Ленинадоблысының Нау станциясында тұратын немере апасы Күлөңнің үйіне барып, інісі Жұмағали екеуі тас шығаратын қарьерге десатник болып орналасты. Онда бір жыл жұмыс жасап елге оралды. 1957 жылы қаладағы жалғыз жоғары оқу орны Н.Гоголь атындағы Қызылорда пединститутына тіл және әдебиет бөліміне оқуға түсіп, оны 1962 жылы бітіріп шықты. Институтта қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын, факультеттің комсомол ұйымына үш жыл жетекшілік еткенін ескерген болуы керек, облыстық комсомол комитеті басқа жаққа жібермей, қала алып қалып Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке мұғалім етіп орналастырды.

Бір жылдан соң осы мектепте партия қатарына қабылдап, қалалық комсомол комитетіне 1963 жылы екінші хатшы етіп сайланды. Көп ұзамай бірінші хатшы, қалалық партия комитетінің пленум және бюро мүшесі, қалалық советтің депутаты, 1965 жылы облыстық комсомол комитетінің идеология саласы бойынша хатшысы болды.

1980 жылы облыс басшысы Т.Есетовтың тұсында Қазалы ауданының бірінші хатшысы Қ.Табынбаевтың өтініші ескеріліп, партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынды. Республика басшысы Д.Қонаевтың және Орталық комитеттің хатшысы Н.Назарбаевтың алдында болып, келісімін алды. Осы қызметті абыроймен сегіз жылдан астам уақыт атқарып, аудандық партия комитетінің мүшесі, жергілікті советтің бірнеше мәрте депутаты болып сайланды. 1988 жылдың күзінде жергілікті мекемелердің басшыларын ұжым жиналыстарында өздері сайлап бекітетін түс еді. Облыстық «Полиграфия» бірлестігі басшысының сайлауына өз еркімен түсіп, көпшілік дауысқа ие болып, бас директор болып сайланып сегіз жылдай зейнетке шыққанша жұмыс істеді.

Бірнеше мәрте облыстық, қалалық, аудандық партия комитетінің мүшесі, облыстық, қалалық, аудандық жергілікті советтердің депутаты болып сайланды.

Еліне жасаған қызметі еленіп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен, бірнеше медальдармен наградталады. Жастардың «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі алғаш рет Болгария мемлекетіне бастап барды.

Бөкең ұмыт болта бастаған ата-бабаларының аттарын атап, Таздар руының алғашқы шежіресін кітапша етіп басушыларды.

Ынталы топ Алмас, Темір, Қылышбек, Сүлеймен, Рахмет, Тұраш, Тұрар, Төрбек, Пазынай, Бақыт, Айтбай, Төлеп, т.б. әр шаңырақта болып, көзі тірі үлкендермен жүздесіп, қыруар жұмыс атқарды. Қойсары батыр бабамызға Мыңшоқы (Тереңөзек ауданы) жерінде үлкен ескерткіш орнатып, Жеңістің 70 жылдығына орай Ұлы Отан соғысына қатысқан ер-азаматтардың есімі анықталды, артында қалған ұрпақтарының қатысуымен

ас беріліп, Құран бағышталды.

Естеліктерге кезек берсек, ғылым докторы Әбдіжәлел Бөкәй былай дейді:

– Бөкеңді институт қабырғасынан жақсы білетін едім. Екеуімде кешегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтта, бір факультетте болдық, ол бір курс жоғары оқыды. Бірақ қоғамдық жұмыста жиі кездесіп тұрдық. Ол факультеттің комсомол ұйымының хатшысы, мен профсоюз (сол кезде осылай аталатын) ұйымын басқаратынмын.

Бөкең өзінің «Жарасқан жастық шақ» деген мақаласында былай деп жазған екен: «Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында облыстық комсомол комитетінің жастар арасындағы негізгі жұмыстары: еңбек ұжымдарында екпінді жастар бригадаларын жасақтау, жастарды Ганиша өмір сүріп, еңбек ету, ұрпақ дәстүрінде тәрбиелеу, өмірге жана салт-дәстүрлерді кеңінен енгізу болатын».

Бұл істерге ақын-жазушылар қатыстырылып, өмірге жана туындылар келді. «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі республикада бірінші орын алып, содан оны Садықбек Хангелдин Мәскеуге апарса, Болгарияға тұңғыш сапарын Болат Қарғабаев басқарды.

Осылай комсомолдағы бес жыл қарқынды өтті. Облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Х.Бектұғановтың Бөкеңге Мәскеудің партия мектебін ұсынуы негізінен тегін емес тұғыр. Бұл сөзсіз, өзін жұмыста көрсете білген кадрдың болашағын ойлаудан туған. Бірақ тағдыр қызық қой. Облыстық партия ұйымына жана ша стилдегі жаңа басшы келді де, ол ауысқанша партия мектебін бітірген кадр сегіз жылдан астам облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болды.

Облыстық партия комитетіне басшылыққа Төкей Есетов тағайындалғанда Бөкең Қазалы аудандық партия комитетіне екінші хатшы болып кетті.

– Болат Қарғабаев 85 жасқа келіп, бақытты өмір сүріп артында өшпес із қалдырды. Ұрпақ өсіріп, немере-шөбере көріп, отбасы алдында парызын орындап, дүниеден өтті. Абылай Айдосовтың басшылығымен Болат Ізбасты ұлы басқа да комсомол лидерлерімен бірге облыс жастары арасында көп іс тындырды. «Сыр сұлуы» ансамблінің атағы облыстан асып, республикаға, шетелдерге белгілі болды.

Қазалы аудандық партия комитетінің хатшылығын атқарғанда елді мекендерді көркейткіп, аудан орталығынан «Жеңіс» паркін ұйымдастыру, кадр тәрбиелеу сияқты сан салалы жұмыстардың басы-қасында болды.

Комсомол ардагерлері 2011 жылы заманымыздың оң, үздік тәжірибесін қазіргі жас ұрпаққа насихаттау үшін облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін құрдық. Басты мақсатымыз – патриоттық рухта тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды қас-терлеуге шақыру. Сол ұйымды құруға бастамашы болғандардың бірі – Болат Ізбастыұлы, – дейді «Парасат» орденінің иегері Алмагүл Божанова.

Қазалы ауданының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Жарлықасын Шәріпов:

– Кімнен бірге жұмыс жасамадық, кімнен көрші тұрмадық. Бірақ Бөкеңнің, Болат Қарғабаевтың, оның отбасының орны ерекше еді. Қазір бірге ойнап, бірге мектепке барған балаларымыз ержетіп, үйлі-баранды, немерелі болып отыр, – дейді.

Қызылорда қаласының, Арал ауданының құрметті азаматы Сайлаубай Әбішев 1986 жылы жана саяси оқу жылын облыстық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы Болат Қарғабаев ашып бергенін, өмірінің соңына дейін республикаға, облысқа танымал қоғам қайраткері ретінде «Ұрпақтан ұрпаққа» облыстық қоғамдық бірлестіктің беделді мүшесі болып, жастарға ұлағатты тәрбие беруге орасан зор үлес қосқанын айтады.

«Құрмет» орденінің иегері Қожамажар Наурызбаев та Болат Қарғабаевпен таныс, жолдас, дос, қызметтес болғанын, оның «Сыр сұлуы» ансамблінің Жастардың Дүниежүзілік фестиваліне Болгарияға



бастап баруы небәрі отыздағы жігітке артылған сенім екенін айтады.

Оны Абылай Айдосов «жетімнің жебеушісі» деп атайды екен.

Жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы:

– Жаратушы адамды өмірге әкелгенін, оның ғұмыр жолында талай сындар мен қилы кезеңдер кезіктіреді. Соларды адами асқарлы қасиетте еңсеріп, абырой үдесінде алып өту кім-кім үшін де тағдыр сыны деп танылады. Болат Қарғабаев өзінің азаматтық қажырында, адами болмыс-бітімінде, сондай өмір кезеңдерінен абыроймен өткен, игілікті жетістік-биіктерге жеткен азамат деген сенімім бар. Ол ағайын мен таныс-достарының алдында 85-ке қараған шағында өмірден өтті. Артында алғысты жұрты, құрмет-көңілді әріптес-достары, жақсы лепесті ағайын, болашаққа із жалғайтын ұрпақтары қалды, – дейді өз естелігінде.

Қызылорда қаласының, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы Нәжмадин Мұсабаев аудандық дәрежедегі лауазымды жұмысқа келуіне ыңғайы қамқорлық жасаған Қ.Табынбаев пен Б.Қарғабаев екенін айтады.

Қоғам қайраткері Әбдіғаппар Әміргалиұлы:

– 1985 жылы Қазалыға төраға болып қызметке барған мен үшін арқасүйер, ақыл айтар аға болды. Ол кісінді сабырлы да салмақты, ұстамды да берік, аспайтын-саспайтын мінезі, қандай да бір шаруашылық мәселелеріне деген көзқарасы, ұстанымы бізге үлгі болатын. Ешкімді сырттай ғайбаттамайтын, кімді болса да бір көргеннен өзіне тартатын бауырмашылығы – бүгінгі күні өкінішке қарай, сиреп бара жатқан қасиеттер.

Ағамыздың жан жары, сенімді серігі, ақылшы тірегі болған Раушан апамыздың біз үшін орны бөлек. Жібек мінезді, жайдары жүзді, дастарханы, пейілі дарқан. Осынау құтты шаңырақтан тараған ұл-қыздары өмірден өз орнын тауып, егемен еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етіп жатқанына қуаныштымыз.

Есте қаларлық бір басқосу Бөкең мен Рекеңнің шаңырақ көтергеніне 30 жыл толуына орай мерейтой еді. Оған Абылай аға-Несіп, Аманкелді-Жеңісқұл, Мұқан-Салтанат, Қуаныш-Ғалия, Шамилидин-Сара, Аманкелді-Қатша, Жәлел аға-Туғанай, Ибрагим-Жібек, Қылышбек-Ұлжан, Мұхит-Ұлжан, Исатай-Шынар және біз Несіпқұл екеуіміз бардық.

Бір-екі тілектен кейін «Подмосковные вечера» әнін Абылай ағабасшымыз өзі шырқап, ән ырғағында би басталатын. Бұндайда алдарына жан салмайтын Мұқан мен Салтанат жүздеге ие болатын. Бұдан соң баянмен Аманкелді Жұматаев нақышына келтіріп, «Жас дәурен», т.б. әндерін орындайтын. Ортамыздағы Исатай ақынжанды азамат болатын лезде өлең шумақтарын құрастырып оқып беретін, – дейді.

Бөкең жұбайы Раушан екеуі 57 жыл тұт-тәтті өмір сүріп, 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Раушан – ұстаз, Батыр ана. Әдебиетке жақын, жазуға да бейім,сөзге шебер. Балаларының бәрі жоғары білімді, барлығы да үйлі-жайлы. Өз мамандықтарымен жұмыс атқарады. Немерелердің өзі ержетіп, алды оқу бітіріп, жұмыс жасауда. Үлкен шаңырақтың иесі – Бөкеңнің ұлы Ғани.

– 2022 жылы 25 тамыз күні мен келін болып түскенде ата мен әжемнің отасқанына 56 жыл болған екен. Алла тағала Мадияр екеуімізге ата-анамыздың жолын берсін, – дейді келіні Аружан Кеңесбек.

Комсомол және партия қызметкері, қоғам қайраткері, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, еңбек ардагері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы, Қызылорда облысының құрметті ардагері Болат Ізбастыұлы Қарғабаевтың азаматтық болмысы мен кісілік қелбеті туралы қысқаша айтарым – осы.

Қуанышқали ШАПШАНОВ,
Қызылорда облысының
құрметті қайраткері

Жақсының ізі жоғалмайды

Өмір із-түссіз емес. Онда кемел ой, келелі көрініс, кең тыныс, шалқар өріс жатады. Сол адам өмірінің жарқын беттерін өшірмей, өсиет-өнеге ету кейінгі ұрпақтың парызы болмақ. Жүріп өткен жолы мағыналы да сырлы жандардың бірі – Сыр бойының сыйлы перзенті Төлеген Дәуітбаев.



Сb Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Уақыт деген керуен көші алға қарай жылжыған сайын жақсы адамның аты да, ісі де ұмытылмай, ел жандыда жатталып, оның бейнесі асқар таудай асқақтай түсетіні сөзсіз. Өнегелі өмірімен, елеулі еңбегімен ерекшеленген абаз азамат, ардақты ағаның тұлғалығын арттыратын – ізгілік пен қарапайымдылық, ірілік пен парасаттылық секілді адами қасиеттері. Сан түрлі қызмет сатысынан өтіп, бай тәжірибе жинақтаған, өрбі істі терең пайымдап, нәтижеге жету жолында білімі мен күшін сарқа жұмсаған қоғам қайраткерінің өмір жолы өнеге тұтуға тұрарлық.

1893 жылы Жалағаш ауданының «Еңбек» ауылында дүниеге келген ол ел басына түнген ауырпалықтың әсерінен еңбекке ерте араласты. Мұғалімдер мен инспекторлар даярлайтын курстарды бітірген соң мектеп мұғалімі, директор болды. Әр жылдары Қазалы ауданы атқару комитетінде жауапты хатшы, төрағаның орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында ұжымшарлар одағының төрағасы, Қызылорда облысы атқару комитетінің жер бөлімінде сектор меңгерушісі қызметтерін атқарды. Сұлутөбе механикалық училищесі, Сырдария аудандық жер бөлімі, Қазалы аудандық атқару комитеті, облыстық шаруашылық мекемесі мен қамсыздандыру бөліміне басшылық жасады. Кейінгі жылдары Сырдария ауданының Киров шаруашылығы басқарды. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орден-медальдарымен марапатталды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне үш дүркін депутат болды.

Бір бойында педагогтік, басшылық әрі ізденімпаздық қасиеттерді, ұйымдастырушылық және жаңашылдық қабілеттерді тоғыстыра білген Төлеген Дәуітбаевтың есімі әлі күнге ел есінде. Білетіндер оның нағыз адамға тән асыл қасиет – турашылдық пен үдеге беріктігін, жауапкершілік пен

адалдығын тілге тиек етеді. Ал бұлар әр азаматтың ел алдындағы беделін өсіріп, кадрін арттыратыны анық. «Естен шықпайтын, ескірмейтін есімдер» атты естелігінде қоғам қайраткері Теңел Жұмабаев: «Төлеген Дәуітбаевты басқа бастылардан жібектей мінезі, уақытты алтын деп бағалайтыны ерекшелік тұрады. Ол кісі сияқты уақытын сағаттап, минуттап есептеп, соны бұлжытпай сақтағандарды аз кездестірдім. Аудандық атқару комитетінің мәжілістері дәл уақытында басталып, аяқталатын. Төраға сөйлеушілерге көп уақыт бермейтін, өзі де көпсөзділікке бармайтын» дейді.

Жазушы Мағзұм Тиесовтың мақаласындағы мына үзік тау тұлғалы азаматтың бейнесін тура көз алдымызға әкелгендей: «Шашының әрбір талы темір сымандай, екі самайы ақ күміс, орта бойлы, мығым денелі мосқал кісімен қолхоз басқармасының кеңесінде таныстық. Қолхоз председателі Төлеген Дәуітбаев жолдас – осы. Өз жемісінің салмағынан маңайысқан жеміс ағашы сияқты қозғалысы ширақ. Қүнмен қуырылып, желмен жуылып шыныққан өңінде тұр-былғы түстес қызыл күреш шырай ойнайды. Осы шырай сарқылмас қайрат, жігердің де сәулесі сияқты. Маңдайында қыртыс-қыртыс таулар жатыр. Сол сайлардың саласы, сол таулардың арасы толы тарих, тәжірибе, оқиға сияқты еді».

Ал «Қалыптасып, қатып қалған шаруашылықты өзгертуден гөрі қалыптасып, қатып қалған ойды өзгерту қиынырақ. Жаңалыққа бағыт қадам басудың өзі – ерекше ерлік. Жаңасыматтың бәрі жақсы да емес, жанаңдық та емес. Ал келешегі бар жанаңдық керенаулық ету – керітартпалық. 1956 жыл Киров атындағы колхоздың тарихындағы шұғыл бұрылыс жылы болғанына көз қуанады, көңіл сүйсінеді, ой тебіренеді, іш елжірейді» деген естелігі абырой биігін-

дегі азаматтың шаруашылықты ширатуадағы ерен еңбегін айғақтап тұр.

Кенестік кезде білімі терең, өзі іскер, тәжірибесі мол мамандарға үлкен сенім артылатын. Істің бабын тауып, ұйымдастыра, ұжымды ұйыстыра алу, сөйтіп, жұмыстың нәтижесін көрсету басты талап болды. Төлеген Дәуітбаев қандай қызмет атқарса да сенім үдесінен шыға білді. «Адам ғұмыры ұзақтығымен емес, мазмұнымен өлшенеді» деген қанатты сөз осы кісіге арнап айтылғандай. Оның елге жасаған еңбегі, іскерлігі, адамдарға қамқорлығы, белсенді жұмысы өзінен қызметтес, әріптес, сыйлас, ниеттес, тілектес болған қаншама жанның көкейінде жаңғырып тұрғаны шындық.

Т.Дәуітбаевтан тараған ұрпақ бүгінде тамыры тереңге бойлаған текті әулетке айналды. Төлеген ата мен Алуа әже тәрбиелеп-өсірген балалардың бәрі жоғары білім алып, мамандық игеріп, өмірден өз орындарын тапты. Әке жолын ұстанып, халыққа адал қызмет атқарып жүр. Немерелері де ел сенімін ақтау жолында аянбай еңбек етіп келеді. Бұл байтеректей саялы, асқар таудай ауаулы азаматтың тәрбиесінен дарыса керек. «Ағайынға ұйытқы болып, көп іске жөн сілтеп отыратын. Сондықтан туған-туыс бірінен кейін бірі ағылып келіп жататын. Қазанымыз оттан түскен емес. Қонақсыз тамақ ішілмейтін берекелі үй ішіміз әлі сол күйі. Атам бардағыдай қалыпты сақтап келеміз», – деп еске алады ағаның қарашанырақтағы келіні Фаридә Әшірбекқызы.

Әлшіер Науаидің «Адамның мәңгі жасауы мүмкін емес, есімінің мәңгі жақсы да – мұрат» деген сөзі бар. Был Төлеген Дәуітбаевтың туғанына – 130, дүниеден озғанына 45 жыл толып отыр. Соған қарамастан артында өшпес із қалдырып, ел үшін еңбегі ескірмейтін тау тұлғаға айналды. Осындай абзал азаматтар салған сара жол – бүгінгі ұрпаққа үлгі.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

АРХИВ – ТАРИХ АЙНАСЫ

Облыстық архивте «Архив және болашақ ұрпақ» тақырыбында ашық есік күні өтті. Оған архив саласы ардагерлері мен жоғары және орта оқу орны студенттері, мектеп оқушылары қатысты.

Сb Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Жиынның негізгі мақсаты – тарихи құжаттардың сақталуы мен архивтің қызметі және міндеттерін көпшілікке таныстыру. Архив құжаттарын пайдалана отырып, өңіріміздің тарихын зерттеуге балаларды кеңінен тарту. Ата-бабалар тарихын, архив құжаттарын насихаттау, архивист мамандығының маңыздылығын арттыру, өскелең ұрпақты ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту.

Мазмұнды шарада облыстық мемлекеттік архив директоры Ж.Әбдіалиева ұлттық құндылықтарды жаңғырту, ел руханиятын көтерген тұлғалардың өнегелі өмір жолымен өлке тарихын зерттеуге архив құжаттарының маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Архив саласының ардагері Ұ.Жаналиева жастарға тәжірибесін бөлісіп, саланың қызығы мен қиындығы туралы айтып өтті. Өскелең ұрпақты салт-дәстүрді зерделеуге, тарихты тануға баулу, туған жеріне деген патриоттық сезімін ояту мақсатында «Асық ату» және «Бес асық» ұлттық ойындардан сайыс ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жас таланттардың шығармашылық идеясын қолдау мақсатында «Қызылорда – жарқын болашақ» тақырыбындағы сайыс жеңімпаздары марапатталды.

Шара барысында жастардың интеллек-

туалдық және тұлғалық дамуын қалыптастыру мақсатында «Өлкенді таны», «Тарихи дата» атты тарихи-танымдық видеотиналық байқау ұйымдастырылып, І орынды И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің «Зерде» тобы, ІІ орынды М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Алаш» тобы иеленді. Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі оқушыларының «Қазақстан тәуелсіздік жолында» тақырыбында театрландырылған қойылымы тамашаланды.

Жеңімпаздарға диплом және естелік сыйлықтар табыс етілді.

Шара соңында қатысушыларға «Ұлт тарихының алтын қоймасы – архив» атты бейнеролик көрсетіліп, қор құжаттарынан дайындалған «Архив – тарихи құндылықтар қазынасы», «Қызылорда облысына-85 жыл» атты көрмелерге және қор сақтау қоймаларына экскурсия жасалды.

ПЕРЗЕНТТІҢ АНА АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫ

Дүниеге шыр етіп келген әрбір перзент үшін өзінің анасы қадірлі һәм құрметті. Бұл сөзді естігенде елең етпес жан жоқ. Ана – үйдің берекесі, адамзаттың тәрбиешісі. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» демекші, тоғыз ай көтеріп, дүниеге әкелген перзенттің бақыты мен қуанышын аңсап, бар тілеуін тілейді. Демек ақ сүт беріп, түн ұйқысын қиып, бар мейірін төгіп мәпелеп өсірген жанның алдында перзенттің де өзіндік борышы тұрады.



Халқымыз «Ата-ананың қадірін бала-балы болғанда білерсің» деген сөзді жай айта салмаған. Бір ана он баланы бағып өсірсе де, он бала жабылып қартайған анасын баға алмай жататын кезі болады. Перзенттік борышты білмесе, қызметінде жүрмесе, разылығына бөленіп, батасымен өспесе, бұдан асқан ауыр өкініш бар ма?!

Әманда перзент үшін ата-ана – егіз ұғым. Әкенің отбасында рөл қандай биік болса, ананың да құрметке лайық өз орны бар. Әке – асқар тау, ана – кәусар бұлақ, бала – жағасындағы құрақ. Асқар таудай әкемен бірге бар мейірім шуағын төгетін ананың қосарлана аталуы бекер емес. Құран аяттың Алла Тағала былай дейді: «Раббың бір Өзіне ғана құлшылық етуді, ата-анаға барынша жақсылық жасауды үкім етті. Егер олардың біреуі немесе екеуі бірдей қолында қартайса, (оларды ауырсынып немесе жақтырмаған сыңай танытып) тіпті «Түһ!» деп те кеуші болма, сондай-ақ оларға зекіп ұрыспа! Керісінше, оларға жанға жағымды жылы сөз айт! Олардың алдында барынша мейірімді, мейлінше кішіпейіл әрі тіл алғыш бол! Һәм олар үшін: «Уа, Раббым! Олар мені бала күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, Сен де оларды дәл солай мейірімге бөлей көр!» – деп дұға ет» («Исра» сүресі, 23-24-аяттар). Осы аяттарға қарасақ, жауапкершілікті, перзенттік борышымызды іштей сеземіз.

Байырғы бабаларымыз «Ата тұрып үл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деп ата-ананды жаныңда жүргенде сыйлап, барында құрмет көрсетіп, оның алдындағы міндеттерді естен шығармау керектігін меңзеген. Осынау жарық дүниеге әкеліп, бағып-қағып өсіргендерге қандай жақсылық жасалса да өлден жарасады.

Шал ақын:
– Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен анаңды құрметтесең,
Мекке болып табылар үйдің іші, –
деп керемет теңеумен жеткізген.

Иә, ісі мұсылманның жүрегінде Мекке мен Мединенің ойып алар орны бар. Бұл қасиетті қос қала құрметтің барлығына лайықты. Қадірлейміз, құрмет тұтамыз, табанымыз тисе екен деп арман қылып, мақсат етеміз.

Үлкендерді құрметтей білсең, үй ішіне құт-береке өзі дариды. Қаузағым келген негізгі тақырып ананың алдындағы перзент борышы болғандықтан бар назарды оған құрмет, оның алдындағы міндетке көбірек бұрғанды жөн деп білдім. Олай болса, ана алдындағы перзенттік борышымыздың біреріне тоқтайық.

Жақсылық жасау

Анаға жақсылық қылған адам әлемге де мейірімін төгеді. Жасайтын жақсылығымызды оларға қызметінің қайтарымы ретінде емес, болки осындай асыл жанның перзенті болғаны үшін шүкіршілікпен етпек керек. Құранда мейірімді мол Алла: «Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырды. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешене шүкір ет. Қайтар орның мен жақ» – деп атайды («Лүқман» сүресі, 14-аят). Сондықтан болса керек «Анаңды үш арқалап Меккеге арпаңда да, оның парызынан құтыла алмайсың» деген мәнді сөз қалған.

Ана алдындағы парызымызды толық өтей алмасымыз сөзсіз. Әйткенмен мойнымызда тұратынын да ұмыт қалдырмаған жөн. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде ананың мәртебесі жоғары көрсетіледі. Ардақты Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Уа, Алла елшісі! Жақсылықты кімге жасауым керек?» – деп сұрағанда: «Анаңа», – дейді. «Кейін кімге?» – деп сұрағанда: «Анаңа», – дейді. «Кейін кімге?» – деп сұрағанда: «Анаңа», – дейді. «Кейін кімге?» – дегенде: «Әкеңе, кейін жақынырағына, кейін жақынына», – деп жауап берген екен.

Сахаба Абдулла ибн Масғуд (р.ғ.) бірде анасының өтінішімен түннің бір уағында су алып келеді. Алайда, суды әкелгенше ол қайта ұйықтап қалған екен. Оянғанда су сұрап қалса, дайын тұрсын деген ниетпен қасынан оянғанша кетпеген екен. Ислам ұлыларының бірі Рабиг ибн Хусейм жолда жүргенде жолаушыларға зиян тигізетін заттарды қолымен алып тастап отырады екен. Зиянды заттарды әр алған сайын: «Мынау (осының сауабы) әкеме, мынау (осының сауабы) анама!» деу арқылы

ата-анасына жақсылық жасайтын болған. «Жәннат аналардың аяғының астында» деген хадис ісі мұсылманға тансық емес. Анасына жақсылығын аямаған адамға жәннат игілігі нәсіп болады. Сондықтан жақсылықты үлкенкіші деместен шынайы ықыласпен әрдайым жасау керек.

Итағат ету

Борышымыздың бірі – итағат ету. Ана үшін ең ауыр нәрсе – перзентің тіл алмай, қарсы шығып, кейіп сөйлей. Алла Тағала мұндай істен бізді қайтарып, былай бұйырғанын жоғарыда айтып өтсек те, тағы келтірейін «Егер олардың біреуі немесе екеуі бірдей қолында қартайса, (оларды ауырсынып немесе жақтырмаған сыңай танытып) тіпті «Түһ!» деп те кеуші болма, сондай-ақ оларға зекіп ұрыспа! Керісінше, оларға жанға жағымды жылы сөз айт! Олардың алдында барынша мейірімді, мейлінше кішіпейіл әрі тіл алғыш бол!» («Исра» сүресі, 23-аят)

Ет пен сүйектен жаралған жанның кейде шаршайтын кезі болады. Ауыр айтар сөзі болады. Пенде болғаннан кейін кемшілік атаулы адамда қатар жүреді. Кей істі қате жасауы да өлден мүмкін. Сондықтан анаға барынша түсіністік танытып, итағат ете білген жөн. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бірде сахабаларынан: «Үлкен күнәлардың ең ауыры қайсысы екенін айтайын ба?» деп сұрайды. Сахабалар: «Айтқышы, иә Расулудд!» дейді. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла Тағалаға серік қосу және ата-анаға қарсы шығу», – деген екен.

Аллаға серік қосу ең ауыр күнә болса, перзенттің анаға қарсы шығуы сол денгейдегі ең ауыр күнә екен. Анасын сыйлай алған перзент өзгелерді де анасындай құрметтей біледі. Алла Тағала тәрбиенің үлгісін көрсетіп, оған жылы сөз айтуды, алдында тұрғанда мейірім танытуды, кішіпейіл қалыппен тілін алуды бұйырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисте былай дейді: «Алла Тағала аналарының тілін алмауды, бересіні өтеуден бас тартуды, өздеріне тиесілі болмаған дүниеге қол сұғуды және қыз нәрестелерінді тірідей көмуді харам қылды».

Есімі ислам әлеміне таныс, атақты хадистанушы Имам әз-Зәһбиді замандастары еске алып, жас кезінде оның тек өз қаласында ғана ілім алғанын айтады. Оған басты себеп – анасының қаладан шықпа дегені. Имам әз-Зәһбиді анасы қайтыс болғанға дейін қаладан шықпаған екен. Кейіннен имам Зәһбидің өзі: «Мен ілім іздену үшін басқа жерлерге барғым келетін. Алайда, анам қарсы болды да мен оған итағат еттім. Сол итағатым үшін Алла менің іліміме береке жаудырды», – деп еске алады. Міне, анаға итағат көрсету береке әкеледі. Адамгершілік оның тілін алып, оған әрдайым итағат етуден басталарын перзент ұмытпауы керек.

Дұғадан қалдырмау

Дұға – дініміздің негізі, құлшылықтың өзегі, мұсылманның қорғаны. Ол пенде атаулының әлсіздігін Жаратушы алдында дәрменсіздігімізді білдіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сендерге дұшпаннан қорғайтын әрі ризықты молайтатын бір нәрсені айтайын ба?! Күндіз-түні Аллаға дұға етіңдер. Өйткені, дұға – мүминнің қаруы», – деген екен. Сондықтан адам баласы өзі үшін дұға еткені секілді дүниеге әкелген ата-анасын да дұғасынан ешқашан қалдырмауы керек. Құран Кәрімдегі: «Уа, Раббымыз! Есеп беретін күні мені, ата-анамды және келтіл мүміндерді кешіре көр!» деп келетін аят бізге қалай дұға жасау керектігін үйретеді («Ибраһим» сүресі, 41-аят). Тағы бір аятта: «Уа, Раббым! Олар мені бала күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, Сен де оларды дәл солай мейірімге бөлей көр!» деп дұға ет» деп бұйырады («Исра» сүресі, 23-24-аяттар).

Жоғарыдағы екі аяттан байқағанымыз ата-анаға әрдайым дұға жасау – перзент борышы. Олар дүниеден өтіп кетсе де, Алладан күнәларының кешірілуін тілеп, «Раббым, мейірімге бөлей көр» деп жалбарынып, дұға жасауы керек. Дүниеден өткендердің артынан жасалатын дұғаның сауапқа ийәналары Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай деп жеткізеді: «Адам баласы дүниеден өткен соң амал дәптері жабылады. Бірақ үш ісінің сауабы үзілмейді. Олар: жария садақа (сауапты іс қалдырса мешіт-мәдресе, жол, құдық, т.б.), басқаларға жеткізген пайдалы білім, артынан дұға ететін салиқалы ұрпақ». Кей сахабалар: «Ата-анаға дұға етуді ұмыт қалдыру өмірдің таршылығына алып келеді» деген екен.

Санлақ сахабаның бірі Әбу Хурайра (р.ғ.) үйіне кірген сайын анасына: «Мені кішкентайымда қалай тәрбиелеген болсаңыз, Алла Тағала да сізге дәл солай мейірімін жаудырсын» деп дұға жасайтын болған. Анасы да: «Ержеткен кезде маған жасаған жақсылығың секілді, Алла Тағала да саған бар мейірімін жаудырсын» дейді екен. Салиқалы ұрпақ жанында жүрген ата-анасының тілеуін тілеп, егер дүниеден өткен болса, олардың артынан Алладан мәрхатат сұрап, дұға жасайды.

Әдеп таныту

Аяулы жанның алдында әдеп сақтау, құрмет көрсету – перзенттік борышымыздың бірі. Кейде оның есімін атап, өз құрдасындай мәміле жасайтындар кездеседі. Мұндай мәміле ананы өзімен тең көру немесе өзгелердің алдында төмен санап, кемсіту, Атана халқымыз «Анаға ауыр сөз айтпа, атына ауыр жүк артпа» деген. Сондықтан кемсітуге емес,

оны барынша құрметтеуге әдеттенуіміз қажет. Ұлы сахабалардың бірі Абдулла ибн Масғуд (р.ғ.) былай дейді: «Бірде Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): «Алла Тағала қандай істі анағұрлым жақсы көреді?», – деп сұрадым. Ол: «Уақытылы оқылған намазды» деді. Мен тағы: «Одан кейін ше?» деп сұрағандым: «Ата-ананы құрметтеуді» деп жауап берді».

Ислам дінімен сусындаған ұлы ғалымдарымыз аналарын ардақтап, олардың алдында перзенттік әдебін сақтаған. Табиғиннің бетке ұстары, дін ғалымы Ибн Сиринің (р.ғ.) әдебін көріп таңғалмасқа шараныз жоқ. Ол (р.ғ.) анасын көрсе түрі өзгеріп кететін болған, сөйлесе қалса, өзін мырзасының алдындағы құл іспетті ұстайтын. Бұл әдебі оған деген сексіз құрметі болса керек.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Барлық күнәлардың жазасы Алла Тағаланың қалауымен қиямет күніне дейін кешіктірілуі мүмкін, тек ата-анасына құрметсіздік танытқан адамның жазасын осы өмірде өлім келмей тұрып береді» деп айтқан. Үлкен ғалымдардың бірі Хасан Басри (р.ғ.) әдеп танытып, анасымен бір табақтан тамақ ішпеген. Оның себебін сұрағандарға: «Анамның қалап тұрған дәмді асын одан бұрын алып қоямын ба деп қорқамын», – деп жауап берген екен.

Сахаба Ибн Аббас (р.ғ.) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кімде-кім күнін Алла ризалығы үшін ата-анасына бой ұсынған күйде бастаса, оған екі бірдей жәннаттың есігі ашық болады, егер біреуі тірі болса, бір есігі ашық болады. Егер кімде-кім ата-анасына бой ұсынбаған күйде кешті батыратын болса, ол үшін екі бірдей тозақтың есігі ашық болады, егер біреуі тірі болса бір есігі ашық болады» дейді. Сол кезде бір адам тұрып: «Ол екеуі оған зұлымдық жасаса да ма?» деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Иә, зұлымдық жасаса да» деп үш мәрте қайталады. Ананың алдында әдеп сақтау – дініміздің әмірі, иманның көрінісі.

Түйін

Мәулана Жалаладдин Руми: «Ананың ақысына абай бол! Оны басыңдағы тәж деп біл. Өйткені, ана босану бейнетін тартпағанда, бала бұл дүниеге жол тартпаған болар еді» деген екен. Ардақты адамның қызметінде жүріп, разылығы мен батасын алған перзент екі дүниенің бақытына жетеді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алланың разылығы ата-ананың разылығында, Алланың ашуы ата-ананың ашуында» деп айтқан. Әкеге жасаған жақсылық секілді, анаға да жақсылық жасау – Алланың разылығына жеткізетін амал.

Анаға жасалған жақсылық күнәлардың кешірілуіне жол ашады. Ислам ғалымы, имам Ахмад ибн Ханбал: «Ата-анаға жақсылық жасау үлкен күнәлардың кешірілуіне себеп болады» дейді. Түркі халықтарына ортақ ойышыл, қобызшы Қорқыт бабамыз: «Ананың хақы – Құдайдың хақы» деген екен.

Ананың алдындағы перзент борышы жоғарыдағы аталғандармен шектелмейді. Дұғасын алу, көңіліне қаяу түсірмеу, сый жасап, қуанту, әрдайым жылы сөз сөйлеу, тоқтаусыз жалғаса беруді. Ең бастысы, ана алдындағы борышына аса жауапкершілік танытқан перзент ешқашан жаман болмасын білген жөн.

**Болатбек қажы ӘБУ,
Қызылорда облысының
бас имамы**

БРИФИНГ

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың күзгі науқаны басталды. Ол жыл соңына дейін жалғасады. Облыста бұл науқан жүйелі және қатаң жүргізілуде. Жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру – ұлағатты іс. Осы ретте ұйымдастыру бойынша тиісті іс-шаралар қолға алынған.

**Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»**

Биыл күзде барлығы 800-ден астам азамат әскерге жіберіледі. Қарулы күштер қатарына 400, Ұлттық ұланға 300-ге жуық, ҰҚК Шекара қызметіне 200 азамат аттанады деп жоспарлануда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Жасұлан Шаңқұлов айтты.

Әскерге шақырудан жоғары немесе арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімінде оқитындар, діни қызметкерлер, педагогика мен медицина саласының қызметкерлері уақытша босатылады. Жақын туыстары әскери қызметті өткеру кезінде қайтыс болған немесе бірінші, екінші топтағы мүгедек болып қалғандар әскери міндетті өтемеуге құқылы. Отбасын құрып, балалы болғандар да Отан алдындағы борышын өтеуден босатылады. Аталған санаттағы



азаматтар ғана әскерден босатылып, айыппұл төлемейді. Ал бұған жатпайтын, денсаулығында кінәрат жоқ, 18 жасқа толған әрбір азамат Отан алдындағы парызын орындауға міндетті, – деді Ж.Шаңқұлов.

Бұл жөнінде жастар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ата-аналармен арнайы өңгімелесулер ұйымдастырылып, әскери борышты өтеу және келісім-шарт қызметінде қалу, одан әрі оқуға түсу перспективалары туралы айтылады. Мерзімді қызметтегі әр әскери қызметші – бұл мемлекеттің тірегі, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі.



ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ЕЛІМ ДЕГЕН ЕР ТҰҒЫР

«Ата-ба» баспасынан Бегімбай Ұзақбаевтың «Тұғыр» атты кітабы жарық көрді. Тарихи романда Тұғыр Кенжесұлының ел тәуелсіздігі үшін жоңғар, қалмақ және түрікпен жауларынан азат ету соғыстары егжей-тегжейлі баяндалады. Оқиға желісі жас жау жүрек батырдың балалық кезінен бастап алып Тұғырдың ұлт тұтастығын сақтаудағы жанқиярлық ерлігі романның өн бойында деректермен өріліп отырады.

Кітаптың құрылымына да автор талғампаздықпен қараған. Бұл ретте жаңа кітап үш кезеңді суреттейді: Тұғырдың атасы, әкесі және өзі туралы. Тақырыптар бір-бірімен үндес, өзектес болып өрілгенін бірден байқауға болады. Қазақ халқының ғасырлық тарихында мемлекеттің тұрақтылығы мен тұтастығын сақтауда ұлт батырларының орны ерекше болғаны белгілі. Елін бас-

қыншылардан қорғап, жерін сақтап қалған осындай батырлардың қатарына Тұғыр Кенжесұлын жатқызымыз. Бұл еңбекте оның елін қорғаудағы жеке ерліктері мен халқымыздың жатқурттық жаулаушыларға бірлесе жасаған қарсы күресі баяндалады. Жау шапқыншылығынан шаршаған қазақ халқы бірігіп, ең әуелі жоңғарға тойтарыс беріп, одан соң қалмаққа соққы беріп, сонынан түрікпенді тәубесіне келтіргені әдемі келтірілген. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған, тілі жеңіл, тартымды.

Бегімбай Ұзақбаевтың еңбегі өзінің өзгеше стилімен, тың деректерімен, қызығалық материалдармен оқырман жүрегіне жол табыры күмәнсіз.

Кітап қоғам қайраткері, белгілі кәсіпкер Әлжанов Алтынбек Тыныштықбайұлының демеушілігімен жарық көрді.

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2023 жылдың IV тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жаңабас Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мырзабек Сақен Салхадинаұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даудетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	27-01-00



Қазгермұнай қызметкерлері «Үздік маман-2023» байқауынан жеңіспен оралды

Үстіміздегі жылдың 14-17 қыркүйегі аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен Ақтау қаласында мұнай компаниялары арасында дәстүрлі «Үздік маман-2023» байқауы өтті. Онда «Қазгермұнай» БК ЖШС-нің жұмысшылары жеңіс тұғырынан көрінді.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Павлодар облыстары, Шымкент және Қызылорда қалаларынан 19 кәсіпорынның атынан 150-ге жуық мұнай-газ саласының үздік қызметкерлері қатысқан үш күндік байқаудың қорытындысы бойынша «Қазгермұнай» БК ЖШС мамандарының командасы жалпы-командалық есепте бірінші орынды иеленді. Осылайша, байқаудың 17 номинациясының теориялық және практикалық кезеңдердің қорытындысы бойынша қазгермұнайлықтар бес жүлде – төрт бірінші орын, бір үшінші орынды қанжығаларына байлады. Атап айтқанда, «Үздік электр және газ дәнекерлеушісі» номинациясы бойынша – Рахымжан Утарбаев, «Үздік компрессорлық қондырғының машинисті» – Максим Максимов, «Үздік мұнай және газ өндіру операторы» – Ұзақ Кемалов, «Үздік ұнғымаларды барлау операторы» номинациясында Данияр Усманов ең жоғары нәтиже көрсетті. Ал «Үздік аспап жасаушы слесарь» байқауында Мұратбек Қыстаубаев үшінші орынды иеленді.

«Қазгермұнай» БК ЖШС командасы компанияның Қызылорда қаласындағы кен орындарында осы жылдың 18-19 шілдесінде 15 номинация бойынша өткен жыл сайынғы «Мамандығы бойынша үздік» ведомстволық кәсіби байқауының іріктеу кезеңінің жеңімпаздары арасынан жасақталды. Команда Маңғыстау облысы, Тұпқараған ауданындағы «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамына қарасты «Қаражанбас» кен орнында өткен ақтық кезеңде компания намысын қорғап, Сыр елінің абыройын асқақтатты. Әріптестері мен басшыларының үмітін ақтаған мамандар құрметке лайық.

Бозащы түбегінде өткен бәсекеді мамандар биік нәтижелерге қол жеткізді. Солардың бірі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының 2023 жылғы үздік электр және газ дәнекерлеушісі Утарбаев Рахымжан Мұратұлы. 38 жастағы білікті техник-механиктің салада 20 жылдық тәжірибесі бар. Оның он жылдықта «Қазгермұнайда» жұмыс істеген. Өзінің кәсіби қызметінің биігіне жету жолында 2003 жылы Қызылорда қаласындағы №9 кәсіптік лицейді электр және газбен дәнекерлеуші мамандығы бойынша, ал 2016 жылы Қорқыт ата атындағы КМУ жанындағы колледжді «Мұнай және газ кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша тамамдаған. Рахымжан «Қазгермұнай» БК ЖШС газ-электр дәнекерлеушілер байқауының үш дүркін – 2019, 2022 және 2023 жылдардағы жеңімпазы. Ал, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында екі мәрте үздік дәнекерлеуші (2019, 2023 ж.ж.) атанып отыр. Өзінің айтуынша, ол электр дәнекерлеуші болуды бала кезінен армандамаған. Десе де, бүгінде өз саласын жетік білетін білікті маманның бірі.

Өз мамандығымен жұмысы қатты ұнайды. Жалпы, зейінді, еңбекқорлықты, шыдамдылықты қажет ететін кез келген іс менде үлкен қызығушылық тудырады. Сондықтан болар, өз жұмысыма ерекше сүйіспеншілікпен қараймын. Тәжірибелі тәлімгерлер маған мамандықтың кыр-сырын үйретті. Сондықтан менің барлық кәсіби жетістігім мен жетістіктерім солардың еңбегі десем болады. Маған №9 кәсіптік лицейде мамандықтың кыр-сырын үйреткен ұстаздарым Берік Аймырзақ пен Дәуренбек Ізбанова, Қорқыт

минут тез өтіп кетті. Қолымнан келгенше әрекет еттім. Бірақ комиссия барлық ұсақ-түйекке – жеке қорғаныс құралдарының болуына, қауіпсіздік шараларына, құралдармен қалай жұмыс істегенімізге, іс-әрекеттердің реттілігіне, тіпті жұмыс орнындағы қырағылдыққа дейін мән берді. Мәселен, аумақты аралау кезінде мен жай көзге аң-

ғаныс құралдарының болуын және басқа да көптеген нюанстарды бағалады. Мысалы, бізге, операторларға қалтамызда бөгде зат алып жүруге болмайды. Тіпті қолымызға сағат, сақина немесе білезік тағуға тыйым салынады. Команданың жалпы жеңісіне өз үлесімді қосқаным, аймақ беделінің абыроймен қорғалғанына ерекше қуаныштымын. Жарыс қатысушыларының ішінде еліміздің оңтүстік өңірінің намысын біз ғана қорғадық.

Ал үздік ұнғым барлау операторы атағын жеңіп алған Данияр Маратұлы Усмановтың «Қазгермұнайда» жұмыс істегеніне небәрі бір жыл төрт ай болған. Аз уақыт ішінде ол ұжымда өзін жауапты да білікті маман ретінде көрсете білді. Жұмысқа орналасар алдында тағылымдамадан, 2019 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқып жүргенде өндірістік практиканы өтті. 2021 жылы «Қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын геология және барлау» мамандығы бойынша жоғары білім дипломын алды.

– Жарыста жеңіске жету маған ерекше сезім мен «Қазгермұнай» командасына деген мақтаншыл ұялатты, – дейді Данияр. – Жетекшім, «Ақшабулақ» кен орны директорларының орынбасары Бағдат Байділданің үмітін ақтағаным өте қуаныштымын. Мені жарысқа дайындап, сенім артқаны үшін алғысым шексіз. Әріптестеріме де ерекше алғыс айтамын. Мені қолдап, барынша жігерлендірді. Бұл жұмысқа жанадан келген маған күш пен сенімділік берді. Міне, осының бәрі аз ғана жұмыс уақытында мені облыстық байқауда жеңіске жетеледі. Ақтауда өткен марапаттау рәсімінде маған ең жақ қатысушы ретінде ынталандыру сыйлығы да берілді. Барлығы құттықтап, қошемет көрсетті. Мен «Қазгермұнай» компаниясында жұмыс істеп жатқаным қуаныштымын және компанияның дамуы мен өркендеуіне өз үлесімді қосу үшін бар қабілет-қарымды жұмсауға дайынмын.

Даниярдың айтуынша, оған мұнай саласында геофизик болып жұмыс істейтін нағашы ағасы Қайрат мектепті бітірген соң мұнайшы мамандығын таңдауға кеңес берген. Осылайша, оның салаға келуіне анасының асағы себеп болыпты. Бүгінде Данияр – өз мамандығы бойынша үздіктердің үздігі.

Айта кету керек, қазгермұнайлықтар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында өтетін «Үздік маман» байқауының тұрақты қатысушылары. 2012 жылғы алғашқы жарысқа төрт команда қатысты. Атап айтсақ, «КМГ» БӨ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдар – «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ӨзенМұнайГаз» АҚ, «ЕмбіМұнайГаз» АҚ және «Қазгермұнай» БК ЖШС. Келесі жылы байқау «Қазгермұнай» БК ЖШС-нің 20 жылдығы аясында компанияның «Ақшабулақ» кен орны аумағында өтті. 2016 жылдан бастап байқаудың ауқымы кеңейіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы арасында өткізіле бастады. Жарыс 2020 және 2021 жылдары коронавирус пандемиясына байланысты өткізілмеді. 2022 жылы конкурс тағы да Қызылордада «Қазгермұнай» БК ЖШС-нің «Нуралы» және «Ақшабулақ» кен орындарында өтті.

Ал «Қазгермұнай» БК ЖШС-ның биылғы жарқын жеңісі компанияның құрылғанына 30 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отыр. Өңіріміздегі ірі мұнай компаниялардың бірі үшін барлық уақытта өз қызметкерлері ең басты құндылық екенін айта кеткен жөн. Сондықтан серіктестіктің 30 жылдық тарихында барлық жетістіктер мен жеңістерге ұжымның ынтымағы мен қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізілуде. Осының барлығы – кәсіпорын басшылығының өз қызметкерлеріне асқан жауапкершілікпен қарайтынын айғағы.



Суретте солдан оңға қарай: М.Максимов, Ұ.Кемалов, Р.Утарбаев, Д.Усманов

ата атындағы КМУ оқу орталығының оқытушысы Кенжалы Оспанова шексіз алғысымды білдіремін, – дейді ол.

«Қаражанбастағы» электр және газ дәнекерлеушілерінің байқауы дәстүрлі түрде екі кезеңде өтті. Бірінші – теориялық кезеңде сайысқа қатысушылар берілген 30 минут ішінде 30 сұраққа дұрыс жауап беруі керек болды. Екінші – практикалық – қазылар алқасы дәнекерлеу сапасын ғана емес, сонымен қатар жұмыс процесінің қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, тиісті жабдықтың болуы, жабдықты өңдеу, контактілердің сенімділігі және басқа да тұстарына баға берді. Әрбір кішігірім қате үшін де ұпай шегерілді.

– Жеребе тарту арқылы маған қалыңдығы 8, диаметрі 159 миллиметр болатын қуырды 45 градус бұрышымен толығымен дәнекерлеу тапсырылды, – дейді Рахымжан. – Орындауға 43 минут берілді. Әдеттегідей жұмысқа кірістім. Жұмыс қалыпты жаңадан бірден ойлап табуды қажет етпейді. Сондықтан қобалжу, алаңдаушылық болған жоқ. Жалпы, кез келген жұмыс нақты жасалуы керек деп есептеймін. Нәтижесінде екі кезеңнің ұпайларының қосындысы бойынша үздік деп танылдым.

Үздік компрессорлық қондырғының операторы атағы үшін тартыс та осыған ұқсас форматта өтті. Онда Максим Юрьевич Максимов алғаш рет жеңімпаз атанып, жүлделі болды. 33 жастағы маман «Қазгермұнай» компаниясында 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Білімі жоғары, Қорқыт ата атындағы КМУ-ды «Мұнай және газды өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша бітірген. Биылғы жыл Максим үшін өте табысты және оқиғаларға толы болды. Ол спортқа өте жақын, спорт саласында ішкі және облыстық жарыстардың жеңімпазы атанды.

– Жүлде үшін барлығы жеті адам бақ сынады. Компьютерде теория бойынша тест тапсырған кезде 30 сұрақтың 23-не дұрыс жауап беріп, практикада мүмкін болатын 5 ұпайдан 4,9 ұпай жинадым. Байқауда аса қобалжыған жоқпын. Барлығын тәлімгерім әрі кураторым Нұрлан Мұратов үйреткендей жасадым. Берілген 20

ғару қиын екі бөгде затты тапты. Бұл әрекетімді қазылар алқасының қырағы мүшелері де жарыс бағалады. Жарыста бірінші рет жеңіске жеткенім қуаныштымын. Әріптестеріме қолдау көрсетіп, сенім білдіргендері үшін рахмет! – дейді М.Максимов.

Сондай-ақ, жоғары біліктілігінің арқасында Ұзақ Жадырсынұлы Кемалов үздік мұнай және газ өндіру операторы байқауында үздік нәтиже көрсетті. «Қазгермұнайда» 10 жыл еңбек өтілі бар 31 жастағы маманның үш дипломы бар. Ол 2012 жылда И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжін «Жабдықтарды және газбен жабдықтау жүйесін монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша, 2016 жылғы Қорқыт ата атындағы КМУ-ды «Құрылыс» мамандығы бойынша, 2018 жылы «Мұнай және газ инженериясы» мамандығы бойынша бітірген.

Ұзақ Кемаловты мұнайшылар әулетінен десек те болады. Әкесі Жадырсын Оразымбетов те, әлкесі Айшолпан да мұнай-газ саласында жұмыс істейді. Сондай-ақ, 2018 жылы Ұзақ «Қазгермұнайда» мұнай-газ өндіру бойынша үздік оператор атанса, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында өткен аймақтық байқауда екінші орынды иеленген.

– Жеңісімді «Қазгермұнай» БК ЖШС-нің бүкіл ұйымшыл ұжымына, әсіресе, жетекшім – «Нуралы-Ақсай» кен орнының басшысы Мәжіт Қутманбетовке арнаймын, – дейді Ұ.Кемалов. – Операторлар байқауында жеті адам бақ сынады. Бірінші кезеңде мұнай және газ өндіру операторлары қолданатын еңбек қауіпсіздігі стандарттары мен ережелерін, техника мен технологиялар бойынша 30 тест сұрағының 27-сіне дұрыс жауап бердім. Ал практикалық сынақтар кезінде мен өз ісінің маманы жасай алуы тиіс барлық тапсырмаларды орындадым. Барлығы 25 минут ішінде сорғыш штангалы сорғыны өшіріп, қысымды өлшедім, сорғы машинасының жоғарғы бөлігіндегі алты майлы тығыздағышты ауыстырдым және қондырғыны қайта іске қостым. Әділқазылар алқасы әрбір қадамды, әрбір қозғалысты, әрекеттер тізбегін, жеке қор-

БӘЙТЕРЕКТЕЙ ӘУЛЕТКЕ САЯ БОЛҒАН

Аяулы досымыз, өсіп-өнген әулеттің ақылшысы, ағайын-туыстың жанашыры, бағаларының панасы болған, асыл жар Құлайхан Әбдірейқызы 21 қыркүйек күні өмірден озды.

Құлайхан Әбдірейқызы 1962 жылдың 23 қазаны күні дүниеге келіп, 61 жасында фони жалғаннан мәңгіге сапар шекті. Кеше ғана арамызда жарқырап-жайнап, жарасымды өзінін айтып отыратын Құлкеңді арамызда жоқ деуге сене алар емеспіз. Өмірден көргені мен көкейге түйгені мол аяулы жанның арсыз ажалдың қармағына мезгілсіз іліккені жанымызға қатты батты. Оның бойында адамға деген асыл қасиеттер: қайрат-жігер, ақыл-парасат, жылы жүрек қалыптасқан. Ол бауырмашыл, байыпты мінезімен көптің көңілін таба білетін адал жан еді.

Аяулы жан ұлағатты ұстаз ретінде талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, өмірін балаларға дәрiс беруге арнады. Кейін Нағи Ильясов ауылының өндiрiсi мен әлеуметтік саласының өсiп-өркендеуiне үлес қосып, жеткен әрбiр жетiстiгiне еңбегi сiңген қадiрлi жан едi.

Бәйтеректей әулетке сая болған асыл ана жұбайы Дархан Жұмашұлымен бір шаңырақ астында мағыналы ғұмыр кешіп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып немере сүйді.

Досымыз Дархан Жұмашұлы Ералиевке зайыбы Құлайхан Әбдірейқызының мезгілсіз өмірден озуына байланысты қазасына ортақтасып, отбасына және туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Ардақты жанның жаны жәннатта болсын.

ДГМСИ мен Қызылорда пединститутының бітірген студенттік достары



БАҚҰЛ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ



Қызылорда «Болашақ» университеті «Филология, журналистика және тарих» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Метедбаев Тасболат Сиезбайұлы өмірден озды.

Қазақ әдебиетіне орасан зор үлес қосқан ғалым қазасы қалды қазақ жұртының қабырғасын қайыстырып кетті. Қазақ ғылымы мен білімі орны толмас тұлғадай айырлыды.

Тасболат Сиезбайұлы 1949 жылы 30 мамырда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, «Қаракеткен» бекетінде дүниеге келген. 1972-1989 жылдары Қызылорда қаласындағы №48 орта мектебінде, 1989 жылы Н.Тоголы атындағы Қызылорда институтында ұстаздық қызмет атқарды. 1998 жылы әл-Фараби атындағы Ұлттық мемлекеттік университетінде «Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2008 жылы Қызылорда «Болашақ» университетінің Тілдер кафедрасында, 2010 жылы «Қазақ-Қытай» университетінің Жалпы білім беру және филология кафедрасында меңгерушілік қызмет атқарды. 2012-2013 оқу жылынан бастап Қызылорда «Болашақ» университетінің доценті.

Қорық ата университетінің 70 жылдық мерекелік медалімен, Қызылорда облысы әкімінің, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Құрмет грамотасымен, «Үздік ғылым кандидаты-2019» медалімен марапатталған.

100-ден аса мақала мен 5 ғылыми-әдістемелік оқу құралының, 2 монографиялық еңбектің авторы.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Метедбаев Тасболат Сиезбайұлының қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғылырсына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақ әдебиетіне ұшан-теңіз үлес қосқан Метедбаев Тасболат Сиезбайұлының жарқын бейнесі халқымыздың есінде мәңгі сақталады.

Қызылорда «Болашақ» университеті

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ
70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Жарамсыз деп есептелсін

Нурсейтов Бекарыс Оразбекович (сатушы) пен Айтбаева Тастайдың (сатып алушы) арасында Қызылорда қаласының жеке нотариусы Султанова Гульбану Султановнаммен (лицензия №0002726, 08.10.2009 ж.) 2018 жылдың 4 шілдесінде жасалған тұрғын үйді сатып алу-сату шартының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.